

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№177

2017 жылғы 30 маусым

**Облыстық мәслихаттың кезекті
он бірінші сессиясы жалпы
отырысының күн тәртібі туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті он бірінші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. Ақтөбе облысындағы білім жүйесінің жағдайы және одан әрі дамыту бойынша шаралар туралы.

*Баяндамашы: С.Р.Өмірбекова - білім басқармасының
басшысы*

*Баяндамашы: Ж.Т.Қайшығұлова - Ақтөбе облысының білім
саласындағы бақылау департаментінің
басшысы*

2. «2017-2019 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №72 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

*Хабарламашы: О.М.Смағұлов - экономика және бюджеттік
жоспарлау басқармасының басшысы*

3. Қ.К.Игисеновті Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі етіп тағайындау туралы.

4. «Облыс әкімдігінің дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2011 жылғы 25 тамыздағы №410 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

5. «Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 18 ақпандағы №390 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

6. Ақтөбе облысы Алға ауданы Маржанбұлақ ауылдық округінде Бастау ауылын құру туралы.

Хабарламашы: М.Е. Абдуллин - Алға ауданының әкімі

7. «Облыс әкімдігі жанындағы бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері жөніндегі Кеңестің дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 27 шілдедегі №62 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

8. «Ақтөбе облысы әкімдігінің жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі Сараптамалық Кеңестің дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 03 маусымдағы №27 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

9. «Облыс әкімдігі жанындағы тарихи-мәдени мұраларды қорғау жөніндегі комиссияның құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 30 қыркүйектегі №116 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

10. «Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі Өңірлік комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №102 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

11. «Облыс әкімдігі жанындағы оралмандар мәселелері жөніндегі комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 7 желтоқсандағы №82 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

12. «Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдар қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 3 маусымдағы №29 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

13. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі мен төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. АЙТЖАНОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА